# ШӘКӘРІМ ШАҢЫРАҒЫ

АРНАЙЫ БАСЫЛЫМ: СЕМЕЙ ЗООТЕХНИКАЛЫҚ-МАЛДӘРІГЕРЛІК ИНСТИТУТЫНА 70 ЖЫЛ

2022 жыл №10 (146) қазан


## Ветеринария ғылымдарының докторы, профессор ТОҚАЕВ ЗЕЙНОЛЛА ҚАЛЫМБЕКҰЛЫ 80 ЖАСТА



Сізді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің атынан және өз атымнан мерейлі 80 жас тойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Жоғары білім беру жүйесіндегі көп жылғы жемісті жұмысыңыз, жоғары білікті мамандарды даярлауға қосқан үлесіңіз және шығармашылық ғылыми қызметіңіз көпке үлгі екені белгілі.

Әріптестеріңіз, білім алған шәкірттеріңіз Сізді терең білімді, ұстанымы берік, іскерлік қабілеті зор, кемел ойлы тұлға ретінде жақсы біледі. Осы азаматтық қасиеттеріңіз Сізді Қазақ елінің белгілі де беделді ғалым, қоғам қайраткері деңгейіне көтерді.

Семей зооветинститутын талай жылдар басқарып қалыптасуы мен дамуына, білікті маман мен кемел тұлғаны дайындауға аянбай еңбек еттіңіз. Қара шаңырақпен байланысыңызды үзбей, қазіргі күні еліміздің қоғамдық-саяси өміріне де белсене араласып жүрсіз.

Сіз Семей зооветинститутын басқарған жылдары ғылыми зертханалар ашылып, ірі кешенді ғылыми тақырыптар орындалды. Институт жануарлар туберкулезін ғылыми зерделеуде Кеңес Одағындағы үйлестіру орталығы және ауыл шаруашылық жануарлары мен құстардың моно, ассоциативті инвазияларын зерттеудің Қазақстанда бас ғылыми мекемесі атанды. Ірі қара мал, қой шаруашылығы, ішкі жұқпалы емес аурулар және паразитология кафедралары ғалымдарының ғылыми жетістіктері Кеңес Одағының, Қытай Халық Республикасының халықаралық көрмелерінде көрсетілді. Мақсатты аспирантураға 89 түлек жолдама алып, олардың 9 ғылым докторы, 56 ғылым кандидаты атанды.

Бүгін Сіз ветеринария ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының профессоры, екі мәрте Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақстанның бірнеше университетінің құрметті профессоры марапаттарының және «Құрмет» ордені, «Ерен еңбегі үшін», «Павлодар облысы алдында сіңірген еңбегі үшін», «Семей қаласына сіңірген еңбегі үшін» белгілерінің иегерісіз.

Осы күнге дейін атқарған тындырымды істеріңіз, білім беру ісіне қосқан сүбелі үлесіңіз, аса қарапайым мінезіңіз бен байыптылығыңыз, азаматтық білімболмысыңыз да өзіңізбен қанаттас жүрген әріптестеріңіз, шәкірттеріңіз үшін зор мақтаныш, абырой, жас ұрпақ үшін нағыз өмір мектебі екендігі даусыз.

Сізге осындай мерейлі күні шын көңілімізбен зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз. Ортаңызға сыйлы, еңбекте абыройлы қалпыңызда елге әлі де талай жылдар қызмет етуді тілейміз.

***Ізгі ниетпен, Саясат НҰРБЕК,***
***Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі***

***Қадірлі ағайын, құрметті Шәкәрім атындағы университетінің ұжымы, ардагерлері, бүгінгі мерекелік жиынның қонақтары!***

Қарт Семейде, қара ертістің жағасында іргесі қаланған алғашқы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының 70 жылдық мерейтойы құтты болсын! Ел аузында «Семейдің зоовет институты» деп аталған оқу орнының қанат қағуы, қарыштап өсуі, гүлденуі, кемелденуі жыл санап емес, ай санап дамыды. «Зооветтің» атағы кезінде кеңестер одағын шарлады, шет елдік университеттермен тығыз қарым-қатынас жасады. Бүгін сол қара шаңырақтың өзі болмаса да, орнында оңалған «Ветеринария және агроменеджмент» факультеті заман талабына сай маман дайындауда. Біз тарихты, бастау-бұлағымызды ұмытпауымыз керек. Жетпіс жыл бұрын іргетасы қаланған қара шаңырақтың мерейтойын өз деңгейінде атап өтуді жөн көрдік. Мерейтой баршаңызға құтты болсын!

Тарих беттерін парақтасақ, мал дәрігерлерін дайындайтын институттың директорлығына алғаш болып ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент **Өмірәлі Ташмұхамедов** тағайындалды. 1952 жылдың 1 қыркүйегінде тұңғыш 274 студент қабылданған екен.

1954-1967 жылдары институтты ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, профессор **Байдолла Садықов** басқарды. Сырттай оқитын студенттер үшін Павлодар қаласында оқу-кеңес пунктін ашылды, 4 сегіз бөлмелік оқытушылар мен қызметкерлер үшін үй салынды, ветеринариялық клиника пайдалануға берілді.

1967-1981 жылдары институт ректоры лауазымын профессоры **Ұалхан Әбділманов** атқарды, бұл кісінің басқаруымен жеті кафедрада аспирантура ашылды, анатомиялық корпус салынды, 100 адамдық дайындық бөлімін ашты, зоотехник мамандығы жаңа «зооинженер» атауын алды. 1981 жылы жаңа үй пайдалануға берілді.

1982-1995 жылдары институт ректоры болып ветеринария ғылымдарының кандидаты **Зейнолла Тоқаев** тағайындалды. 186 жанұя тегін пәтер алды. Құны 7 миллион тұратын жаңа оқу ғимараты, жатақхана, асхана салынды. Институтта мал дәрігері-эколог, мал дәрігер-зооинженер, зооинженер-менеджмент және де алғаш экономист-бухгалтерлер дайындалды. Тұңғыш Монғол Республикасынан **30 студент** білім алуға келді.

Еліміздегі қой шаруашылығы саласының дамуына өзіндік үлес қосқан институт ғалымдары Ғ.Қыдырниязов, Б.Нұрғалиев, Н.Майтқанов бастаған ғалымдар қазақтың «Байыс» қой тұқымын шығаруда селекциялық жетістіктерге жетіп, «Байыс» қойының марқасқа авторлары атанды. Профессор В.Федосеев сүтқоректілер, құстар туберкулезі проблемаларын зерттеуде зор еңбек сіңірді. Бүгін де ғалымның еңбегін шәкірті ветеринария ғылымдарының кандидаты А.Байғазанов жалғастыруда.



Институт түлектері ішінде Социалистік Еңбек Ері В.Ерменко, Қазақстанның Еңбек Ері, қазақтан шыққан тұңғыш олимпиада чемпионы Ж.Үшкемпіров, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрі Т.Нұркиянов, ҚР кәсіподағы конфедерациясының Президенті С.Мұқашев, Одақтағы депутаттарды айтпағанда, Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің, Қазақстан Парламенті Мәжілісі мен Сенатының 30-ға жуық депутаттары шықты.

Бүгінде факультет ветеринария және зоотехникалық бағыттағы мамандарды дайындаумен қатар агрономия, орман ресурстары және аңшылықтану білім беру бағдарламалары бойынша үш деңгейде түлектерді дайындауда.

Факультет құрамына кіретін «Агротехнопарк» ҒО, ветеринариялық блок, «Aesculap» ветеринариялық клиникасы, ветеринарлық дәріхана т.б. нысандар факультеттің ғылыми тынысына дем береде.

Жоғары оқу орнының 70 жылдығына және профессор Зейнолла Қалымбекұлының 80 жас мерейтойына арналған бүгінгі салтанатты жиынға оқу орнының ардагерлері, институтты ашуға, оны қалыптастыруға белсене атсалысқан қазақ зиялыларының ұрпақтары, профессор-оқытушылар құрамы және еліміздің әр шалғайынан келген зиялы қауым, институт түлектері қатысып отыр.

Қазақтың тамыры – қара жерде, аңсары – ауылда, берекесі – малда. Атам қазақ амандасқанда мал-жан аман ба?- деп баққанға бітер малды қасиетті санаған. Олай болса ауыл-елдің берекесін келтірер мамандар дайындап жатқан орданың мерейтойы құтты болсын! Той тойға ұлассын!

***Құрметпен,***
***Бауыржан ЕРДЕМБЕКОВ,***
***Басқарма төрағасы – Ректор***

# КИЕЛІ АБАЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ АГРАРЛЫҚ










Қазіргі Шәкәрім атындағы көпсалалы университет 1996 жылы Семей қаласындағы төрт институттың бір университетке айналуы нәтижесінде пайда болған. Бүгінгі университет құрамындағы «Ветеринариялық және агроменеджмент» факультетінің негізінде сол төрт институттың бірі Семейдің зоотехникалық-малдәрігерлік институты жатыр. Ал бұл институт 1950 жылдың 15 желтоқсанында КСРО Министрлер Кеңесінің №4943 қаулысымен, сол жылдың 25 желтоқсанындағы КСРО АШМ (министр Иван Александрович Бенедиктов) №1794 бұйрығымен Қазақ КСР-ндегі ауылшаруашылығы бағытындағы үшінші ЖОО болып Семей қаласында ашылған. Институт директорлығына 1951 жылы ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент **Өмірәлі Ташмұхамедов** (кейіннен биология ғылымдарының докторы, профессор) тағайындалған. Институт құрамында басында 9 кафедра болған.

Институт тұңғыш студенттерін (274 адам) 1952 жылдың 1 қыркүйегінде қабылдаған, сондықтан факультет ағымдағы жылдың 21-22 қыркүйегінде **70 жылдық** мерейтойын атап өтуді жоспарлап отыр.

1954-1961 жылдары институт директоры қызметін ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, профессор **Байдолла Хамзаұлы Садықов** атқарды, институт басшысы кейіннен 1961-1967 жылдары институт ректоры болып аталды. Ол сырттай оқитын студенттер үшін 1958 жылы Павлодар қаласында оқу-кеңес пунктін ашты, 1961 жылы 4 сегіз бөлмелік оқытушылар мен қызметкерлер үшін үй салдырды, 1964 жылы қоғамдық мамандықтар факультетін құрды, онда студенттер екінші мамандық алды, 1965 жылы «Бұлақ» оқу-тәжірибе шаруашылығын құрды, 1966 жылы 1000 орындық студенттер жатақханасын, ветеринариялық клиниканы салдырып пайдалануға беруге қол жеткізді.

1957-1966 жылдар аралығында институтта 1128 ғалым зоотехник, 1111 мал дәрігерлері даярланды, оның 110 адамы сырттай оқыды.

1967-1981 жылдары институт ректоры лауазымын профессор, ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты **Уалхан Әбділманов** атқарды. Бұл басшының жұмыс істеген жылдарында да институт тарихында атап өтер жетістіктер аз болмады: 1968 жылы жеті кафедрада аспирантура жұмыс істеп тұрды, 1970 жылы 100 адамдық дайындық бөлім ашылды, 1969 жылы анатомиялық корпус салынды, 1974 жылы зоотехник орнына жаңа «зооинженер» мамандығы енді, 3 ғалым-оқытушы Гвинея халық республикасына жіберілді, 1981 жылы жаңа үй пайдалануға беріліп, онда 28 жанұя пәтер алды.

1967-1981 жылдары 5812 маман, оның ішінде 2193 ғалым зоотехник, 766 зооинженер, 2853 мал дәрігері даярланды, олардың 1666 адамы сырттай білім алды.

1982-1995 жылдары институт ректоры болып ветеринария ғылымдарының кандидаты (кейін докторы), доцент (кейін профессор) **Зейнолла Қалымбекұлы Тоқаев** қызмет жасады. 1983-1992 жылдары мақсатты аспирантураға 89 адам жіберілді, ондаған адам ғылым докторы, 100 жуығы ғылым кандидаты атанды. Ондаған патенттер, 100-деген өнертапқыштар ашылымы айқындалып, олар өндіріске енгізілді, 30-дан астам авторлық куәліктер алынды. Қазақстанның солтүстік-шығыс облыстарында ондаған асылдандырылған мал шаруашылықтары ашылды.

1984-1994 жылдары 3 тұрғын үй салынып, одан 186 жанұя тегін пәтер алды, жатақханалар өзін-өзі басқару жүйесіне көшті, таңертеңгі дене шынықтыру жаттығуларын жүргізу дәстүрге айналды, ғимараттар арасы радиоторабымен байланыстырылды. Қоғамдық мамандықтар факультетінде көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс істеді, спорт бөлімдерін 22 кәсіби ұстаз басқарып, ЖОО-нда 1,5 мың студент оқыды.

Студенттер құрамының 85-90%-ы ауылдан келген жастар еді, солар дұрыс жерде оқысын деген ниетпен, жаңа оқу корпусын және аудандық жылыту орталығы салынды.

Осы жерде, өмір тек қуаныштар мен жетістіктерден тұрмайтынын, оның тұшысымен қатар ащысы да болатынын 1986 жылы 9 желтоқсанда институттың бас ғимаратының өртенуі, 1986 жылғы 16-17 желтоқсандағы жастардың Алматыдағы оқиғаларға үн қосып көшеге шығуы сияқты оқиғалар тағы да жете көрсетті. 1987 жылы құны 7 миллион сом (рубль) тұратын жаңа оқу ғимараты, жатақхана, асхана салынды. Институттың оқу, ғылыми жабдықтармен қамтамасыз етілуі (бір студентке шаққанда) 2 мың сомнан (рубль) артты, оқу алаңы қалыпты 12,5 м2 көрсеткіші орнына 14,6 м2 жетті. 1988 жылдың 14 маусымында тұңғыш рет қаладағы ректорлар арасынан бірінші болып, ғылыми кеңес мүшелері жабық дауыста (70 дауыс қолдау білдірген, 12 дауыс қарсы болған) ректорлық лауазымы мерзімі ұзартылды. Сол жылы студентердің оқу-ғылыми ветеринариялық жасағы (отрядтары) құрылып, аудандарда аурудың алдын-алу шараларын іске асырды. Институттың үш факультетінің 33 кафедрасында 7 ғылым докторы, профессорлар, 99 ғылым кандидаты, доценттер болды. Ғылыми дәрежелену 47,7%-ға жетті. Институтта 5 мамандық, 5 мамандандыру бойынша кадрлар, ал КСРО АШМ тапсырысымен мамандарды қисындастыру мақсатында мал дәрігері-эколог, мал дәрігері-зооинженер, зооинженер-менеджмент, тағы басқа мамандар даярланды, оқу екі тілде жүргізілді, студенттер саны 3,5 мыңға жетті.

Институтта тарихи музей, 5 ғылыми зертхана, кітапханада 500 мыңнан артық кітап қоры болды «Ромайор» баспаханасы, 3 дисплейлік класс, 3 лингафондық кабинет, «Аңыз» атты оқытушылар мен студенттерге арналған 150 орындық профилакторий-санаторий, ат-спорт мектебі, шаруашылық ғимараты, көкөніс қоймасы, 50 көліктік орын, тағы басқалар жұмыс істеп тұрды.

1991 жылы Монғол елінен 30 адам оқуға түсті. Одан кейін жыл сайын 3-4 студент өздері келіп, емтихан тапсырып, оқуға түсіп тұрды. Ал 2006 жылдан бастап Қытай Халық Республикасынан да талапкерлер «4 адам) келе бастады, бұл елден 2007 жылы 3; 2008 жылы 8; 2009 жылы 12 адам



# СЕКТОРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫНА - 70 ЖЫЛ

оқуға түсті. Ірі қара, қой шаруашылығы, паразитология, ішкі жұқпалы емес аурулар кафедраларының ғылыми жұмыстарының жетістіктері Одақтық, Республика көрмелеріне, ал М.М.Ысқақовтың еңбегі Қытай Халық Республикасының көрмесіне қатысты. 1992 жылы докторантура ашылды, экономист-бухгалтерлер дайындалды. 1993 жылы мал туберкулезінің үйлестіру орталығы құрылды, 1994 жылы институт ғалымдары қазақтың құйрықты жартылай қылшық жүнді «Байыс» қой тұқымын шығарды.

**1982-1995** жылдар аралығында институтта 5664 маман дярланды, оның ішінде 2750 зооинженер, 2482 мал дәрігері, 405 өндіріс ұйымдастырушылары, 10 зооинженер-менеджер, 17 мал дәрігері-зооинженер болды.

**Қырық үш жыл** жеке жоғары оқу орны болған зоотехникалық-малдәрігерлік институттың ғалымдары мен шаруашылық мамандары бес қой мен ешкі тұқымын (типтерін), бір етті ірі қара мал тұқымын, төрт зауыттық типтерін, жылқының бір тұқымын, екі тұқым ішілік, екі зауыттық типін, бір-бірден тауық пен үйрек кроссын шығарған. Еліміздің солтүстік-шығысында алты жылқы шаруашылығы асылдандырылып (профессор Б.Х.Садықов қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысына тығыз байланысты, «Жабы» жылқы тұқымының бейімделу қабілеттілігін, еті, сүтінің сандық, сапалық өзгерісін, өнімділігін арттыруды, тайларды мақсатты өсіріп, көбейтуді зерттеді), бірнеше рет Одақ, еліміздегі көрменің «Жылқы шаруашылығы» павильонында көрсетілді. Бүгінгі таңда қазақтың ата кәсібі болған мал шаруашылығын ғылым жетістіктеріне негізделген жаңа деңгейге бағыттау міндеті тұр. Оны нақты жаңғырту қолынан келетін ғалым-мамандарымыз жеткілікті.

Институт ғалымдары алғашқы болып Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығына қазақтың құйрықты жартылай қылшық жүнді «Байыс» қой тұқымын сұрыптап шығарып тарту етті. Жер жағдайы мен аймақтың климатына бейімделген жаңа қой тұқымының ғылыми аторлары болып Г.Н.Қыдырниязов, З.Қ.Тоқаев, Н.М.Майтқанов, Б.Б.Нұрғалиевтар саналады. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі бұл қой тұқымын сұрыптау жетістігін жоғары бағалап, жаңа тұқым деп баға берді. Семейлік ғалымдардың жетістігі саналатын бұл қой тұқымы облыстың ғана емес, бүкіл қазақтың бренді болуға лайық. Алайда қазір оны әрмен қарай жетілдіру, жақсарту бағытындағы ізденістер тоқтап тұр. Қажет жағдайда оны да толық оң жолға салуға болады.

Семей зоотехникалық және малдәрігерлері институтында профессор В.С.Федосеев ғылыми жаңалықтар ашуға көп үлес қосты, сүтқоректілер, құстар туберкулезі проблемаларын зерттеуде үлкен жетістіктерге жетті. Ғалым жануарлар мен құс организмдегі туберкулез қоздырғыштарының Л-түрінің өзгеруін тұңғыш зерттеп, оны анықтау мен емдеу тәсілдерін ұсынуы арқасында Қазақстанның солтүстік-шығыс аймағы аталған індеттен толық арылды. Осындай жетістіктер арқасында Семей зоотехникалық және малдәрігерлері институты жануарлар туберкулезінен ғылыми жұмыстардың одақтағы **келістіруші орталығы** болды. Бұл жұмыстарды қазіргі кезде ғалымның шәкірттері жалғастыруда.

Институт түлектері арасынан екі Еңбек Ері, екі Ауыл шаруашылығы министрі, Кәсіподақ конфедерациясының президенті, қазақтан шыққан тұңғыш олимпиада чемпионы (дүниеден озған) Ж.Үшкемпіров, Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің, Қазақстан Парламенті Мәжілісі мен Сенатының 30 жуық депутаттары шықты. Басқа оқу орындары мұндай көрсеткіштермен мақтана алмасы анық.

2022 жылдың қазан айында Семейдің зоотехникалық-малдәрігерлік институтының босағасын алғашқы студенттері аттағанына 70 жыл толады. Осы мерейлі мерекемен қатар институттың бұрынғы ректоры ветеринария ғылымдарының докторы, профессор Зейнолла Тоқаевтың 80 жасқа толуы тұспа тұс келгендіктен, «Қазіргі кезеңдегі аграрлық ғылым: оның түйінді мәселелері, болашағы» атты ғылыми-пракикалық конференция өткізу жоспарлануда. Мерейтойларға арналған іс-шаралар бағдарламасында институт және кейіннен факультет түлектерінің басқосуы ұйымдастырылмақ, институт түлегі болған олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіров жүлдесі үшін спорттық ойындар жарысы өткізілмек.












# «АРМАНДАСТАР» АВТОРЫНЫҢ АРМАНЫ

## немесе Тұрсын Тұрысханұлының таланты жайлы ой толғам

«Армандастар» құрамы арман арқалаған кілең жалынды жастар болды. Олардың өнерге деген құштарлықтары, намысқойлықтары, табиғи таланттары мен талмай ізденіп тер төккендерінің арқасында қысқа мерзім арасында ансамбль республиканы қойып, Одаққа танылды. Бірер мысал келтіре кетсек, 1973 жылы «Армандастар» ансамблі КСРО көлеміндегі Ауылшаруашылық институттары арасындағы көркемөнерпаздар байқауына қатысады. Омбы қаласында өткен осынау одақтық жарыста семейлік зооветтің өнерпаздары үшінші орынды иеленіп, арнайы дипломмен марапатталады. Байқаудың төрағасы КСРО-ға еңбегі сіңген әртіс Н.Афонинаның өзі «Армандастарға» айрықша тоқталып, тәнті болған.

Сол кезде республика көлемінде үлкен ұжымдар арасында патриоттық әндер байқауы деген өнер додасы болып тұрған. Осы байқауға 1975 жылы «Армандастар» да қатысып, республика бойынша қатысқан 52 өнер ұжымы ортасынан екінші орынды еншіледі. Айтпақшы, осы жылы «Армандастардың» солист-әншісі болып барып қайтқан Роза Рымбаева да үлкен сахнада бірінші рет жарқырап көрінген болатын. Бұл қысқа мерзімде қанат қатайтып үлгерген өрімдей өнерпаздар үшін аз жетістік емес еді, әрине. Сондай-ақ, осы байқауға «Армандастар» Семей атынан ВИА ретінде қатысып, Роза Рымбаева осы топтың жеке әншісі қатарында ән шырқағанын айтпай, кетуге болмас. Алматы сахнасынан айрықша талантпен, асқақ үн, әуезді әнмен үздік көрінген «Армандастарға» Шәмші Қалдаяқов, Ескендір Хасанғалиев сынды сахна саңлақтарының да назар аударып, талаптарына тілектестіктерін білдіріп шаңқобыз және басқа да аспаптар тарту еткен.

Ендігі кезекте «Армандастардың» айдарынан жел естірген, жан дүниелері өнермен өрілген ұжым құрамын тарата кетсек. Ансамбль жетекшісі – Мұрат Тұраров, Бас гитарада Әбіл Сейсеков, соло-гитарада Тұрсын Тұрысханов, екінші Бас гитарада Төлеубек Сабалақов, ұрмалы аспапта Нұрлан Ахметқалиев және жеке әншілер Арқалық Бұтабаев, Темірболат Молдаханов, Өмірлік Мұхамедиев, Гуля Рахпанова, Лея Штайгер, Асыл Ибраев сынды қыздар мен жігіттер «Армандастардың» атағын аспанға шығарды. Бір қызығы, осы ансамбль жетекшісі Мұрат Тұраровтың ғана арнаулы музыкалық білімі болған. Қалғандары кілең зооветтің студенттері. Бірақ, бәрінің бойларында Тәңірдің тарту еткен табиғи таланттары бар еді. Бұл өнерпаз қыз-жігіттердің жастық жалынын, табиғи дарынын, өнердегі қарымын қатты бағалаған институт ректоры Уәлхан Әбділманов, малдәрігері кафедрасының меңгерушісі Кенеев Марат Айдарұлы секілді ұлтжанды ағалар «Армандастарды» үстінен құс ұшырмай аялап ұстауға атсалысып бақты. Десе де, түрлі себептерге байланысты «Армандастар» атағын алысқа жеткізген алғашқы құрам 1978 жылдары тарап тынады. Ол өз алдына жеке әңгіме болғандықтан, аталмыш ансамбльдің құрылу себептері мен «Армандастар» атайын қалай, кім қойғанына тоқталмақпыз.

1972 жылғы зоовет студенттері көңілін жібі түзу қазақ ансамблі жоқтығы алаңдата бастайды. Өйткені, қай мекеменің немесе жоғары оқу орындарының ансамбльдерінің репертуарлары кілең орысша әндер еді. Осыған қарсы қазақы болмыс, ұлттық бояуда ансамбль ашсақ деген жоғарыда аттары аталған жастар тілегі институт басшылығы тарапынан қолдау тауып, тез арада жүзеге асады. Студенттер арасынан талантты жастар іріктеліп, ансамбль құрамы жасақталады. «Ынта білдірушілер көп болғанымен, іріктеу өте қатал болды» дейді ансамбль жетекшісі болған Мұрат Тұраров. Осы іріктеуде ең ерекше көзге түскен Тұрсын Тұрысханов болғанын барлық замандастары күні бүгінге дейін мойындайды. Ендігі айтпағымыз да осы Тұрсын Тұрысханов жайлы болмақ. («Армандастарға» қатысты басқа азаматтар туралы айтудың да сәті бола жатар).

Ал, Тұрсын Тұрысханов жайлы ой толғауға Семей қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Құсмілия Нұрқасымның «Ұмытпаңдар мені» деген кітабы түрткі болғанын айта кеткен артық болмас. Тұрысханның Тұрсыны туралы ол кітап 2002 жылы жарық көрсе де, мен оны таяуда ғана оқыдым. Кітаптағы «Армандастар» вокалды-аспапты ансамбль туралы деректер және осы ансамбльдегі Тұрсынның



рөлі ерекше әсер етті. Мақала кейіпкері туралы мағлұмат жинау мақсатында ансамбль жетекшісі болған Мұрат Тұраров және оның жұбайы Бикамал жеңгеймен әңгімелестім. Бұл кісілердің әңгімесі мен кітаптағы мағлұматтардан кейіпкерімнің табиғи талантын, азаматтық болмысын, кісілік келбетін анық байқағандай болдым. Ендеше, рет-ретімен әңгімелесек.

Тұрсын 1952 жылы Тұмабаевтар әулетінде дүниеге келген. Азан шақырып қойған есімі – Балташ. Сол себепті оны ауылдастары Балташ десе, кейінгі ортасы құжат бойынша Тұрсын дейді. Ақайхан деген ағасы туу туралы куәлік аларда осылай жаздырып жіберген. Әңгіме арқауы Тұрсынның бүгінде облыс, республикаға есімі мәлім Мұхит Тұмабаевтың туған ағасы екенін айтпай кетуге болмас. Тұмабайдың Тұрысханынан Тұрсын, Мұхит, Нұрхан, Тұрсынға тамаша талантты Тәңір тумысынан бергенге ұқсайды. Өйткені, оның анасы Рәбиға және нағашысы дәулескер күйші, ауыз әдебиетіне жүйрік адам болыпты. Тұрсын атасынан «Қаражорға» күйін мектепке бармай тұрыпақ үйреніп алған екен. Бала күнінен музыка мен әдебиетке бейім ол мектеп бітіріп, әскерден оралып, оқу таңдағанда әке ықпалымен Семейдің зооветіне келіп түседі. Бұл әлгінде әңгіме қылған «Армандастардың» аяқтан тұратын қарсаңы. Ол тұста ауыл балаларын осы зооветке бағыттау үрдіс алып тұрған. Әр тараптан арман қуып зооветке табан тіреген жастар арасында кімдер жоқ дейсің, небір талант иелері болғаны рас. (Жақсылық Үшкемпіров те осы ортадан шықпады ма). Сол талант иелерінің бірі Тұрсын еді. Бұл кезде ол домбыра, мандолин, гитара, басқа да аспаптарда төгілтіп ойнап, тыңдарманын таң-тамаша қылып жүрген еді. Жай ғана өнерпаз емес, өзгеге сын айтатындай шамасы, жақсы-жаманды айыратын санасы бар талғампаз өнер иесі өзі секілді бойында елжандылығы басым азаматтармен танысып, топтасып орта құрып, оңсолдарын айыра бастайды. Өмірге деген көзқарастары ортақ азаматтардың алғашқы байқағандары – Семей сахналарында ұлттық әуендердің орындала бермейтіндігі. Жиырма жастың айналасындағы арманы асқақ жігіттер сол кездің өзінде-ақ ұлттық өнерді ұлықтауға бел буады. Осы бел буғандардың бел ортасында Тұрсын жүрген. Жай жүрген жоқ, «Армандастар» репертуарын ұлттық бояумен байытуға бір кісідей атсалысты. Дәстүрлі әндерімізді эстрадаға түсіруде ерекше күш шығарып, халықтық әндердің болмысын бұзбауды бірінші кезекке қойды. Бұл, әрине, «Армандастар» құрамының алға қойған ортақ мақсаты әрі оған ансамбль мүшелерінің барлығының да үлесі зор. Дегенмен, Тұрсынды бөліп айтқызатын бірнеше себеп бар. Соның бірі – кез-келген музыка маманымен ұлттық өнерге қатысты пікір таластыра алатындығы. Ол жөнінде майталман музыкант, Қазақ КСР-не еңбегі сіңген мәдениет қызметкері, әйгілі «Қаламқас» халық ансамблін 14 жыл басқарған Мұрат Тұраровтың «Армандастарға» қатысты естелігінен үзінді келтіре кетейік.

«Шынымды айтсам, орталарындағы музыкалық сауаттысы мен ғана едім. Қалғаны түгел табиғи талантты студенттер «Армандастар» ұлттық нақышта болса, ешкімге ұқсамайтын ансамбль болса деп жанталастық. Оның сол кездегі бірден-бір жолы – халықтық әуендерді эстрадалық стильге түсіру еді. Яғни «аранжировка жасау». Бұл мәселеде Тұрсын мен үшін таптырмас қазына болды. Ұлттық әуеннің неше атасын білетін. Қанабек Байсейітов Нұрғиса Тілендиев туралы: «Оның қоң етін ойып алып лақтырып тастасаң, бүлкілдеп күй шертіп жатады» дегені бар екен. Тұрсында мен үшін солай болатын. Мен айтқан идеяларымның тәжірибе жүзінде бірнеше вариантын алдыға «жайып» тастағанда, қайсысын таңдарымызды білмей дауласып қалатынбыз. Өз бетімізбен эстрадалық стильге түсіріп, өңдеген алғашқы халықтық әуеніміз «Маусымжан» болды. Ойдағыдай шыққанына бәріміз балаша қуандық. Содан соңғы ән – «Дударай». Төрт дауыста шығардық. Эстрадаға этнографиялық аспаптар араластырдық. Осы әге қатысты Тұрсын: «Махабатта ұлт болу керек па, жоқ па, ол жағын білмеймін. Бірақ «Дударай» Мариям Жагорқызының әні емес. Бұл – таза қазақи бояулы ән. Оны Дударай есімді қазақ жігітінің жолдасы шығарған» деді. Қайдан оқыды, кімнен естіді, оны сұрамаппыз...».

Міне, осынау шағын үзіндіден Тұрсынның «Армандастар» атағының аспандығына қаншалықты үлес қосқандығын аңғару қиын емес. Әрбір ән төңірегінде пайымды ойлар айта білуі тек музыканттығын ғана емес, әдебиетіміз бен мәдениетімізге көп тоқығандығында білдіреді. Бұлай дейтініміз, оның адам танығыштығы, көңілі ауған жандарға ат қойғыштығы да қазақи мінезге тән. Жоғарыда әйгілі әнші Роза Рымбаева Алматы сахнасында алғаш рет осы «Армандастармен» танылғанын айтқанбыз. Оқушы Розаның әнді көбінесе орысша шырқап жүргеніне сын айтып, қазақша әндер айтуын талап еткен де осы Тұрсын болған. Сол кезде Роза туралы Тұрсын айналасына «Тәңірім осы баланың таңдайына бояуды аямай-ақ жаққан» дейді екен.

Адам танығыштығына айғақ мысалдар аз емес. Соның бірі – Нұрхан қарындасының жолдасы Оралханның шебер домбырашы болуына себепкер болғандығы. Спортта жүрген сақа жігіт Оралханды Мұрат Тұраровқа алып келіп: «Менің мына күйеу баламa домбыра үйретіңізші, бұл мықты күйші болады» деген. Расында, уақыт өте келе Оралхан домбыраның құлағында ойнайтын күйші болып, қазір Секен Тұрысбековтың «Ақ жауын» ұлт-аспаптар оркестрінде белді күйші. Секен демекші, кезінде Секен Тұрысбековтың Семей музыкалық училищесіне баруына да Тұрсын түрткі болыпты.

Тұрсын Тұрысханов «Армандастар» вокалды-аспапты ансамблінде соло-гитараны ойнаған. Бұл аспап ансамбльде ең әуезді үн шығарады. Соло-гитара қаншалықты шебер ойналса, анағұрлым ансамбль ажары ашылмақ. Тұрсын Тұрысханов та сол бір соло-гитараңызды сұңқылдатқанда, тыңдарман тәнті болмай қайтпайтын. Мысалмен келтіргенде, «Дос-Мұқасандағы» Мұрат Құсайыновтың рөлі.

«Дос-Мұқасандағы» үлгі тұтқан «Армандастар» Алматыға барғанда олармен, олар Семейге келгенде бұлармен шығармашылық байланыс орнатқан болатын. «Дос-Мұқасанның» жігіттері семейлік әріптестерінің өнеріне тәнті болып, сәттілік тілеген, Тұрсын секілді тума таланттарға музыкалық білім алуға кеңес берген. Өздерінің құрамына шақырған. Музыка мамандарының Тұрсынға тез назар аударатындығы – оның қандай әуенді болмасын естіген сәтте тез қабылдап, аудырмай қайталайтындығы. Мұны музыка тілінде «абсолютный слух» десе, осы қасиет бұл азаматта ерекше болған.

«Армандастардың» жетістігі – ұжымдық жұмыстың жемісі. Ұжым болған соң пікірталас, бір мәселеге түрлі көзқарас болатыны анық. Мұндайда Тұрсынның табиғаты – көптің көңіліндегісін түбегейлі тыңдап, шешуші сәтте ғана әңгімеге араласу. Бірде соло-гитара төңірегінде түрлі ұсыныстар айтылады. Бәрібір, бәрі бітімге келе алмайды. Іспен дәлелдеуден басқа амалы қалмаған Тұрсын кезекті концертке шығарда жанындағыларға сездірмей сахнада қалып қояды. Уақыт тығыз, «Армандастар» медакадемиясы сахнасында соло-гитарасыз концерт қойып шығады. Жолдастары «Ол қайда кетті? Оған не болды?» деп іздей



бастағанда, көрермендер ортасынан күлімсіреп Тұрсын келе жатады. Бұл да бір шиеліністі сәтті ширықтырмай шешудің тәсілі еді.

Жақсылық жолында жанын жалау еткен Тұрсын – талай игілікті істерге дәнекер бола білген жан. Оның бірқатары жоғарыда айтылды. Асқақ арман арқалаған азамат алға қойған мақсаттың біріне жетсе де, бірталайына жете алмай, 42 жасында қайтпас сапарға аттаныпты. Ансамбльге «Армандастар» деп ат қоюды ұсынған ұлтжанды жігіттің тағы қандай арманы болды екен? Ол төмендегідей.

«Армандастар» ансамблі жабылып, құрамындағылар оқуларын бітіріп, әркім өз жолымен кетеді. Араға жылдар салып Тұрсын Мұрат Тұраров ағасымен 1991 жылы қайта жолығады. Бұл кезде Тұрсынның Семей ет комбинатында қызмет етіп жүрген кезі. Мүкең болса Абай ауданынан жанұясымен қала жағалап келген беті. Мүкеңнің өнеріне, адамгершілігіне, адалдығына тәнті Тұрсын: «Қалаға келгеніңіз жақсы болды. Қазір тәуелсіз елміз, қазақ өнерінің жұлдызы жанатын уақыт туды, баяғы «Армандастарды» қайта қалыпқа келтіреміз, сол жолға барымызды саламыз» деп, арман-мақсаттарын үсті-үстіне бастырмалата түседі. Сол үшін ең қолайлы жер-қала іргесіндегі «Приречный», онда бауыры Мұхиттың мал дәрігері екенін түсіндіріп, Мүкеңнің «Приречныйға» қоныстануына қолғабыс тигізеді. Бұл әңгіме сөз жүзінде қалмай, сол кезде-ақ мектеп жанынан «Ахау, Семей» атты ансамбль ашып оған ауылдың талантты жастарын, оқушыларын тартады. Тұрсынның бастамасымен 1992 жылы «Приречныйда» алғаш рет Наурыз мерекесі тойланады. Киіз үй алдыртып, қазақ отбасыларын ұлттық мерекеге ортақтастырады. «Приречный» тарихындағы тұңғыш Наурыз осылай жүзеге асқан. Ол кезде «Приречный» қазақ санының аздығын арқаланды ма, жергілікті неміс жастары қазақша ән шырқап тұрған аппаратураны құлатып кетеді. Наурыздың ойдағыдай өтіп, қазақ ағайындардың марқайып қатты қуанған Тұрсын Мүкеңді «Ақтанбердім» дейтін әдетімен: «Ақтанбердім, бұл алғашқы Наурызымыз ғой, аманшылық болса алдағы жылдары бұдан да жақсылап өткізетін боламыз. Осы ауылды дұрыстап қолға алуымыз керек. Біз өнер жағын көтерсек, Мұхит бауыр шаруашылығын көтереді әлі, оған оның қарымы жетеді. Күні туса, ауылдың атын «Ертіс» деп ауыстыратын боламыз» - деп көңіліндегісін ақтарып салады. Бірақ, амал не, арада біраз жыл өткенде өзі өмірімен қош айтысқан.

Содан бері де 15 жылдың жүзі болыпты. Соңында Әсиядай жары, Ринат пен Асқардай ұлдары, Заринадай қызы қалған. Өкінішке орай, «тура Тұрсынның өзіне тартқан» деп жүретін баласы Асқар былтыр әкесі жатқан мекенге мезгілсіз аттанды...

Өмірден ертелі-кеш әркім де өтер. Әйтсе де, жүріп өткен жолында жұрт айта жүрер ізің қалса, ол да ғұмырыңның бір жалғасы. «Армандастарда» айшықты қолтаңбасы бар Тұрысханның Тұрсыны – «Приречныйдағы» өнер ошағының алғашқы түтінін түтетіп, отын жағушы. Сол мәдени орталықтан жастарымыздың бірі дәріс алып қанат қақса, өнерден өзін іздеген енді бір өскіндер тәлім алуда. Солардың бәрі Тұрсын баптап кеткен топырақта көктеп келе жатқан дән секілді...

***Қайрат САБЫРБАЙ,***
***«Ертіс өңірі»***
***2009 жыл***

# ОТ ВОСПИТАННИКА ИНТЕРНАТА-ПАНСИОНА ДО РЕКТОРА УНИВЕРСИТЕТА: ПУТЬ И СТАНОВЛЕНИЕ ПРОФЕССОРА ЗЕЙНОЛЛЫ ТОКАЕВА



Зейнолла Токаев для меня-не только доктор ветеринарных наук, профессор РК, академик Казахстанской Национальной Академии естественных наук, почетный работник образования РК, член Президиума городского совета ветеранов, председатель комиссии по патриотическому и нравственному воспитанию, профессор кафедры «Ветеринария» университета имени Шакарима, но и замечательный человека, который несет в общество знания, образование, вносит в развитие области Абай и Казахстана в целом неоценимый вклад.

Зейнолла Калымбекович родился 1 августа 1942 года в просторном городе Павлодар. Почти всю свою жизнь он посвятил работе учителя и преподавателя. Около 60 лет он неистово трудился во благо народа, оставляя в расцвет области и его административного центра след.

Он прошел уникальный и большой жизненный путь от воспитанника интерната-пансиона до ректора Семипалатинского зоотехническо-ветеринарного института, к слову, он первый из выпускников казахской средней школы №10 города Павлодар и единственный из выпускников Семипалатинского зоотехническо-ветеринарного института. В 1975-2016 годы был в руководстве факультета, ректором института, вице-президентом, советником ректора университета.

Когда Зейнолла Токаев окончил школу ему дали направление в высшее учебное заведение, но он решил отказаться, ведь для этого нужны большие деньги. По его словам, в 17 лет в 1959 году он начал трудовую деятельность штурвальным, трактористом Калининского совхоза. Директор совхоза А.Ф.Геннинг, секретарь парткома Б.Абдыкалыков, да и молодежь хозяйства, зная его ответственность к работе, трудолюбие и справедливость в решении повседневных проблем в 1960 году избрали освобожденным секретарем комсомольской организации, 5 марта 1961 года в 19 лет он стал депутатом Калининского сельского Совета депутатов трудящихся.

Период работы секретарем комсомольской организации очень сильно повлиял на познание жизни Токаева. Для молодежи главным он считал принцип демократического централизма. Когда Ермаковский райком комсомола рекомендовал учиться на зоотехническом факультете Семипалатинского зоотехническо-ветеринарного института, то вспоминается лозунг Н.С.Хрущева «что каждый вожак комсомольской организации в крайнем случае обязан учиться заочно».




Зейнолла Калымбекович всегда говорил, что быть честным и справедливым, особенно в настоящее время, очень тяжело. Но всегда надеялся, что справедливость восторжествует. В 19 лет он был призван в ряды Советской Армии, это закрепило в нем уверенность в необходимости дальнейшей учебы. Годы службы доказали, что для жизни, учебы, работы, даже для быта нужна дисциплина. Эти качества он соблюдает и по сей день.

В 1964 году в 22 года Зейнолла Калымбекович поступил на ветеринарный факультет Семипалатинского зоотехническо-ветеринарного института. Резко изменить ранее выбранную им специальность содействовала часовая беседа с Трошиным Василий Ивановичем и его советы «выбери любую специальность нашего института, старайся окончить ее с отличием. Поступи в аспирантуру, будь ученым, затем судьба куда направит, иди туда». Так получилось, что В.И.Трошин предначертал его жизненный путь.




На самом деле, как только Токаев переступил порог института, его жизнь активно, без остановок постоянно развивалась, шла на возвышение. Правда, освоить секреты руководства коллективом, с добрым намерением возбудить сознание последователей.

Учебу в институте он совмещал с освобожденной общественной работой председателя студенческого профкома, одновременно кандидатом в члены обкома союза сельского хозяйства и заготовок, секретарем комитета комсомола института на правах РК ЛКСМ Казахстана и был членом бюро горкома комсомола, пленума



Семипалатинского горкома, обкома комсомола.

Затем в родном институте, работая доцентом, профессором кафедры, заместителем декана, деканом ветеринарного факультета, вырос до заведующего кафедрой и ректора института.

С декабря 1971 по декабрь 1974 года обучался в аспирантуре на кафедре гистологии, эмбриологии и цитологии при Семипалатинском зоотехническо-ветеринарном институте. Сразу, практически на следующий день после окончания учебы в аспирантуре его назначили заместителем декана факультета.

На должность ректора института Токаева рекомендовал партийный комитет (В.А. Цой), но безусловно, окончательный выбор сделал Аманолла Рамазанов, первый секретарь Семипалатинского обкома партии.

За период работы в должности ректора института Зейнолла Калымбекович сумел построить правильную политику создания необходимых условий для молодежи сел, подобрать и расставить кадры так, что институт улучшил свои показатели по различным направлениям работы.

Здесь весьма уместно, подчеркнуть, что жизнь не только одни радости, но бывают и горестные моменты. Так, 9 декабря 1986 года сгорел главный корпус института, а 16-17 декабря состоялись декабрьские события в Алматы.

В 1987 году был построен новый учебный корпус.

14 июня 1988 года впервые в союзе проводились выборы ректоров, в которых на расширенном заседании ученого совета путем тайного голосования за кандидатуру Токаева проголосовало 70 человек. Таким образом срок полномочий ректора института был продлен.

Что произошло в институте за это время?

По его инициативе с 1988 года в институте функционировал студенческий учебно-научно-производственный отряд, который в условиях районов области провел профилактическую работу.

На 33 кафедрах института работали 7 докторов наук, профессоров и 99 кандидатов наук, доцентов. Процент остепенности института достиг 47,7%. В институте подготовка кадров велась по 5 специальностям и 5 специализациям на двух языках. Количество студентов достигло 3,5 тысячи. В институте создали музей, 5 научных лабораторий, типографию «Ромайор», 3 дисплейных класса, 3 лингафонных кабинетов, здание хозяйственной части, овощехранилище, автогараж на 50 единиц и так далее. С 1991 года впервые в институте обучались граждане Монголии. Были организованы группы для интенсивного изучения английского и немецкого языков.

Кафедра ветеринарной медицины являлась головным научным учреждением в Казахстане, по изучению моно и ассоциативных инвазий сельскохозяйственных животных и птиц.

В 1992 году открыта докторантура и впервые стали готовить экономистов-бухгалтеров.

В 1993 году институт определен центром по координации научных исследований в области туберкулеза животных.

В 1994 году научно-исследовательская и практическая работа ученых института привела к созданию новой породы курдючных овец с полугрубой шерстью высокого технологического свойства с внутрипородным типом «Байыс», это стало крупным вкладом в науку и экономику молодого независимого государства РК. Экспертной комиссией МСХ РК она признана как новое научное достижение. В марте 1994 года на научно-техническом Совете МСХ РК данная популяция определена как самостоятельная порода овец, а Зейнолла Токаев признан одним из авторов новой казахской курдючной полугрубошерстной породы овец с внутрипородным типом «Байыс».

## Достижения наставника

С 1979 года он изучал биологические особенности маралов, физиологию их размножения. Зейнолла Калымбекович имеет около 200 научных статей, монографию, результаты научно-исследовательских работ доложены и обсуждены на 5 Всесоюзных съездах анатомов, гистологов и эмбриологов, 3 конгрессах.

Он также занимался подготовкой учеников. На счету три кандидата наук, 9 магистров.

В 2003-2012 годы был членом президиума республиканского учебно-методического объединения, секции ветеринарных специальностей при КазНАУ. Зейнолла Токаев является главным редактором ряда сборников научных трудов, членом диссертационного совета по защите кандидатских диссертаций. 24 ноября 1995 года он был избран действительным членом Академии естественных наук, с 2008 года академиком Казахстанской Национальной Академии естественных наук, а в 2017 году - почетным профессором Павлодарского государственного университета имени С.Торайгырова.



Работу в институте он совмещал с общественной работой. Был членом Семипалатинского областного комитета партии, областного комитета народного контроля, депутатом городского Совета народных депутатов трех созывов, заместителем председателя Совета ректоров северо-восточного региона Казахстана.

В 1997-1999 годы и в 2007-2018 годы на общественных началах, а с 2019 года по настоящее время на профессиональной основе работает председателем городской территориальной избирательной комиссии, членом президиума городского совета ветеранов, председателем постоянной комиссии по патриотическому и нравственному воспитанию молодежи, членом научно-технического совета, професором кафедры университета имени Шакарима.

В 2014-2015 годы был общественным помощником акима Восточно-Казахстанской области по городу Семей.

Зейнолла Токаев почетный гражданин Казахстана, за свои достижения не раз был награжден медалями и благодарственными письмами. Я считаю, что работа этого человека бесценна. Он внес большой вклад в развитие образования, ветеринарии, социально-экономическое и педагогическое развитие Казахстана.

Зейнолла Калымбекович — настоящий герой нашего времени. И сейчас он также активно и стремительно работает во благо народа.

***Замира МУРСАЛИМОВА, журналист***





# ВЫПУСКНИКИ СЕМИПАЛАТИНСКОГО ЗООТЕХНИЧЕСКО-ВЕТЕРИНАРНОГО ИНСТИТУТА

***Неумолимо течёт время, всё дальше унося в своём потоке людей, события и воспоминания о том времени, когда мы учились в Семипалатинском зооветеринарном институте. Для нас, бывших выпускников ветеринарных врачей 1991 года «зоовета», как мы его, любя, называли, годы учёбы в нём стали, самыми важными и яркими в жизни.***



Пять лет учебы для нас оказались настолько насыщенными всевозможными событиями, открытиями, общением и дружбой, что смогли сохранить все долгие последующие десятилетия. После окончания института большая часть однокурсников старались не упускать друг друга из виду и поддерживать общение.

Некоторые выпускники ветеринарного факультета 1991 года *(Базаралинова К.Р., Тлеубаева А.В.)* продолжили обучение в аспирантуре, а затем стали заниматься наукой и преподавать в университете. Другие выпускники нашли продолжение полученным знаниям в областных и районных ветеринарных лабораториях и других учреждениях.

Целеустремленность, упорство и знания выпускников принесли свои плоды, подтверждением этого является то, что многие из них вносят большой вклад в развитие аграрного сектора нашей республики.



***Акулов Григорий*** после окончания института в 1991 году работал старшим, затем главным ветеринарным врачом совхоза «Белокаменский» Шемонаихинского района. В октябре 1996 года назначен начальником районного отдела (управления) сельского хозяйства. В январе 1998 года назначен на должность первого заместителя акима Шемонаихинского района, в феврале 2002 года - на должность акима Шемонаихинского района. За годы долгого, упорного самоотверженного труда, пережив развал сельского хозяйства, трудности восстановления сельского хозяйства под руководством Григория Иосифовича Шемонаихинский район достиг высоких показателей и успехов в деле племенного животноводства и других



отраслях сельского хозяйства.

***Сагандыков Рамиль*** – руководитель управления сельского хозяйства ВКО. Свою трудовую деятельность начал в 1991 году, в ветеринарной ферме № 3 совхозе «Шегелек» Кокпектинского района. За несколько лет стал главным ветеринарным врачом ТОО «Шегелек». С 2000 года руководил ТОО «Шегелек LTD». В августе 2010 года был исполняющим обязанности, далее назначен акимом Улкенбокенского сельского округа Кокпектинский района. В 2011 году стал заместителем акима Кокпектинского района, с 2015 года акимом Кокпектинского района. В 2018 году по распоряжению главы региона назначен руководителем управления ветеринарии Восточно-Казахстанской области. В 2021 году назначен руководителем сельского хозяйства Восточно-Казахстнской области.



***Нурбеков Рашид***



***Хайруллин Ашим***

Такие выпускники института как Нурбеков Рашид Маденович– руководитель Павлодарской областной территориальной инспекции комитета ветеринарного контроля и надзора МСХ РК и Хайруллин Ашим Абулхадырович – руководитель Аршалынской районной территориальной инспекции комитета ветеринарного контроля и надзора МСХ РК являются истинными патриотами своей специальности. Ведут огромную работу в выполнении стратегических функций в области ветеринарии и безопасности пищевой продукции, подлежащей ветеринарно-санитарному контролю и надзору.



Гордость курса 1991 выпуска ***Рахимбаев Серик*** – учредитель, директор ТОО «Астана Агропродукт». Он основал эту компанию в 2008 году, которая занимается разведением крупного рогатого скота и переработкой мяса.

Чунчубаев Жолымхан Каликанович – с 1999 года занимается производством и реализацией ветеринарных препаратов, первый руководитель и учредитель ТОО «Вет-Эксперт». В настоящее время дистрибутор ведущих европейских компаний, а также США, России и Белоруссии по реализации ветеринарных препаратов.

Хотелось бы от лица всех выпускников поблагодарить наших преподавателей того времени, благодаря им, многие из нас смогли проявить себя в жизни и достичь определенных результатов.

***Калия САТИЕВА,***
***доцент кафедры***
***«Сельское хозяйство и биоресурсы»***



***Осыдан 70 жыл бұрын Семей өңірінде құрылған жоғары оқу орны бүгінде халқымызға дәйекті білім беріп, тәрбиелеп, сара жолға салған қара шаңырақ, еліміздегі еңселі де беделді оқу орындарының бірі. Жетпіс жылдық тарихы бар білім ордасы бүгінгі күні биік тұғырдан көріне білді. 70 жыл мерзім ішінде мыңдаған жоғары білікті мамандарды даярлады. Өте танымал институт ретінде қалыптасу жолында күрделі әрі ірі белестерден өтті. Институттың өмір сүру кезеңдері мемлекетіміздің қалыптасу кезеңдерімен тығыз ұштасты. Бүгінде Республикамыздағы заман талабына сай дамып, еліміздің болашағы жастарға дәйекті білім беріп, тәрбиелеп, сара жолға салған, өзіндік брэнді қалыптасқан білім мен ғылымның қарашаңырағына айналды.***

# БІЛІМ ОРДАСЫНА – 70 ЖЫЛ



Білім - ғылым – қоғамды дамытатын негізгі күш, оның бүгіні мен болашағы, бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын негізгі фактор. Университеттің бүгінгі миссиясын көріп, білім ордамыздың келешегі зор екендігіне сенемін. Осы 70 жыл ішінде жаңа оқу ғимараттары бой көтеріп, материалдық-техникалық базасы күн санап дамыған білім ордасы, оқу үдерісін де жаңа технологияларға сәйкес ұйымдастырып, үш деңгей бойынша (бакалавриат, магистратура, PhD-докторантура) болашақ мамандарды даярлап, түлектері тек қана Қазақстан Республикасының аймақтарында ғана емес, сонымен қатар таяу және алыс шетелдерде қызмет атқарып жүргенін және жоғары біліктілік, жауапкершілік, білімдарлық көрсетіп, ерекшеленетіндерін үлкен мақтанышпен атап өткім келеді. Себебі менде аталмыш оқу орнының 1991 жылғы түлегімін. Келешекте де осы жоғарғы оқу орнының студенттері биік-биік шыңдардан көрінетіндігіне кәміл сенімдімін. Менің өмірден өз орнымды таба білуге жол көрсеткен ұстаздарыма алғысым шексіз! Киелі шаңырақтың мәртебесі өсіп, өмірдің өрінен көріне берсін демекпін!

Ветеринария және агроменеджмент факультетінің 70 жылдық мерейтойының қарсаңында барша ұстаздар қауымына үлкен шығармашылық өрлеу, еңбектеріңізге табыс, зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін! Ізденістерге толы ізгі еңбектеріңіз арқылы әрқашан абырой биігінен көрініп, игі мұраттарға жете беріңіздер! Мәңгілік елдің зияткер ұлтын тәрбиелеу – ұлы парыз! Абай елінің қарашаңырағы Шәкәрім университетінің беделі әлемдік білім кеңістігінде қашан да жоғары болсын!

***Әшім ХАЙРУЛЛИН,***
***ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Аршалы аудандық аумақтық инспекциясының басшысы***

***Аса құрметті Есенгелді Омарбекұлы сіз - өңіріміздің ауыл шаруашылығына қатысты маңдайына біткен жоғары оқу орны – киелі мекеніміздің кешегі Семейдің зооветеринариялық иниституты бүгінгі Шәкәрім университетінің талмай қажырлықпен ұстаздық еңбек етудесіз.***

# ҰСТАЗҒА ҰЛАҒАТТЫҚ - ТАҒЗЫМ



Дана халқымыз “Базарда адам көп, бірақ сәлем сүйгеніне беріледі” дейді.

Сіздің ғылым мен ұстаздықұлағаттылықтағы орныңызды, осы уақытқа дейінгі асқан асуларыңызды көре тұра – бұл сәлемді шәкіртіңіздің ұстазына деген тағзымы ретінде қабылдауыңызды сұраймын.

Халқымыз “Атадан ұл туып, ата жолын қуса игі” - деп текке айтпаған ғой. Сіз ұл, қыз өсіріп - ұлын ұяға қызын қияға қондырған абзал әке, асқар таудай ата, адал жар және ғалым-ветеринарсыз. Бала тәні ауырса – анаға, шәкірт жаны ауырса - ұстазына жүгінуі заңды нәрсе. Кейде халқымыз “Өткен күнде белгі жоқ” - деген бірақ, көп жағдайда соны түсіне алмаймын. Бір жағынан бұл менің өзіңіздің жан дүниеңізді шәкіртіңіз ретінде түсінуден туындаса, екіншіден өз пікірімді ортаға салу деп түсінерсіз. Мен өзіңіздің шәкіртке деген талапшылдығыңыз бен ерекше талғамыңыз, күтер асқақ мақсатыңыз бен әрдайым рух бере отырып, шәкіртті жігерлендіру ұстанымында сабақ өткізуіңізге қызығамын. Мен таныған еңбекқорлық, адамгершілік қасиеттер мен мұнтаздай тазалық, серілігіңізге ақ халатты абзалдығыңыз - вирусологиялық реакциялар сияқты үйлесімділіктің өзі бір ғанибет - дастан ғой, шіркін! Дәлірек айтқанда қазақ айтқан тектіліктің ұстанымын сіздің әулеттен көруге болады. Әкеңіздің еңбек майталманы, Социалистік Еңбек ері, өзіңіздің ғылыми шеніңіз, ұлыңыздың АҚШ елінде жанұясымен еңбек етуі, немереңіздің Швейцария мектебінде оқуы, берісі өзіңіздің тәлімгерлік шеберлігіңізді жалықпастан дәріптеуіңізді - Алла әулетіңізге берген несібелік ырыздық бақыты дер едім. Сіз сегіз қырлы бір сырлы азаматсыз. Қолыңыздан қазақтың қара домбырасы түспеген. Домбыраны сонау Африканың Гвинея Республикасында 3 жыл жаныңызда ұстап, ол жердегі студенттерге, халқына таныттыңыз. Бұл өнеріңіз отбасылық, ресми отырыс болсын сол ортаның қазақи әуенін ерекше бір тебіреніске бөлеуге ықпал еткен шынайы ұлттық тұмар дер едім.

Жалпы ұстаз деген ұлы есімге берілген ұлы тұлғалар ұстанымын тілге тиек етер болсам: «ұстаз жаратылысынан алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жан» деген екен Әл-Фараби. Иә, адамның жан дүниесін түсініп, ренжітпей, қателігін сездіре білу бұл нағыз шеберлік емес пе?! Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық - ұлы құрмет» деген.

Сізді осынау мерей тойыңызбен құттықтап, зор денсаулық тілей отырып, ұстаздықтан жалықпас деген ойды сеніммен айта аламын.

Есаға бұл мереке – өміріңіздегі ең қуанышты күндердің бірі болсын! Барлық армандарыңыз бен жоспарларыңыз орындалсын! Достарыңыз бен туыстарыңыздың шеңбері кеңейіп, әулеттен бақыт кетпесін! 100 жасаңыз!

Сіз мейірімді, талапшыл адамгершілігі мол адамсыз, сол үшін біз сізді пір тұтамыз!

***Ермек Ережепұлы***
***Семей зооветеринарлық институтының түлегі***

# ЗООВЕТЕРИНАРЛЫҚ ИНСТИТУТТЫҢ СПОРТ САЛАСЫНДАҒЫ СЕРПІЛІСІ

***Ұлт спортының әлем алдындағы даңқын асырып жүрген қажырлы ұл мен қайраттың қыздардың жанқиярлық еңбегін жанкүйер қалт жібермей бағып отырғаны анық. Тіпті, отандық спортшылардың жеңіс пен жетістікке толы тарихына атын алтын әріппен жазған саңлақтармен мақтанған ләзім. Байрақты бәсекелерде еліміздің туын желбіретіп, әнұранымызды шырқатып жүрген әйгілі спортшыларымыз кейінгі толқын жастарға үлгі болып жүрген тұлғалар. Бұрынғы Семей зоотехникалық-ветеринариялық институты қазіргі Ветеринария және агроменеджмент факультетін тәмамдаған, спорт саласында толағай табысқа жеткен түлектермен білім ордасы қашан да мақтан тұтады. Назарларыңызға Зоотехникалық-ветеринариялық институттың спортты мәңгі «мекеніне» айналдырып, саналы ғұмырын спортқа арнаған атақты спортшы-түлектерін ұсынамыз:***



Жақсылық Үшкемпіров – грек-рим күресінен әлем чемпионы, Мәскеу Олимпиадасының жеңімпазы, халықаралық спорт шебері, Қазақстанның еңбек ері. 1968 жылы білім ордасына түсіп, 1972 жылы аяқтайды. Институт қабырғасындағы күрес үйірмесіне жазылады. Еркін күреспен жарты жылдай айналысқан соң республика чемпионы атанады. Кейін классикалық күреспен шұғылданады. 1970 жылдары республикалық жарыста жеңіске жетеді.

Бір сұқбатында Жақсылық Үшкемпіров кеңес уақыты тұсында спорт министрі Аманша Ақбаев пен Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаев қалай кездескенін еске түсіреді.

*«Бір күні Аманша Ақбаевпен кездестім. Ол маған «Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаев шақырып жатыр» деді. Бұрын ол кісімен кездеспегенмін. 1976 жылы алдына бардым. Қол аяғым дірілдеп, әрең амандастым. Бойы 2 метр, ұзын адам екен.»Өзің бір жапырақ екенсің ғой» деп күлді. Кейін сен мойыма! Олимпиадаға бармадым деп ренжіме! 4 жылдан кейін Олимпиадаға барасың. Оны мен бақылаймын. Кездесуден шыққаннан кейін өзіме қанат біткендей болды»,* - дейді ол.

1980 жылдың 22 шілдесінде шешуші айқаста болгар Павел Христовтан басым түскен Жақсылық Әміръәліұлы Олимпиада чемпионы атанды. Ол осынау даңқ тұғырына көтерілгенше талай сыннан өтті. Қарашаңырағымызда Жақсылық Үшкемпіров атындағы дәріс залы бар.

Оразалинов Қайыртай Малғаждарұлы – 1979 жылғы түлек. КСРО спорт шебері, Халықаралық дәрежедегі



төреші, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы. 1973 жылдан бері Жақсылық Үшкемпіровтың қасынан табылған сенімді серігі әрі досы.

*«Жақаңмен 1973 жылы Семейдің мал дәрігерлік институты қабырғасында таныстық. Аталған оқу орны Зооветинститут атауымен танымал еді. Бір қызығы, жоғарғы оқу орны физкультура институттарынан артық болатын. Себебі классикалық күрес зор қарқынмен дамыды. Тіпті КСРО құрамасы да жаттығатын. Жақсылықты бірінші курс оқып жүргенде алғаш рет көрдім. Екеумізді Ром Хасанұлы Ильматов жаттықтырды»,* - дейді Қайыртай Малғаждарұлы.

«Қайрат» облыстық ерікті спорт қоғамының басшысы, бапкері болған Рысбек Берікболовтың кеңесімен Ром Ильматовтың секциясына жазылады. Қайыртай Малғаждарұлы институтта оқып жүріп КСРО спорт шебері атағын алып, халықаралық дәрежедегі төреші болады. Облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде жаттықтырушы болып еңбек еткендіктен, 1986 жылы Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институттың дене тәрбиесі мамандығы бойынша жоғары білім алады.

Тоқтарғазин Серік Аренұлы – Қазақ КСРО еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Дзюдо күресінен КСРО спорт шебері. Бұрынғы Семей зоотехникалық-ветеринариялық институтының жаттықтырушысы, ұстаханасы. Олимпиадалалық резервтегі аймақтық спорт колледжінің директоры.

Қоржыкенов Серік Сапинұлы - Қазақ КСРО еңбек сіңірген жаттықтырушысы, ҚР құрметті спорт қайраткері, Халықаралық дәрежедегі төреші, Құрмет орденінің иегері, бұрынғы Семей зоотехникалық-ветеринариялық институтының жаттықтырушысы, ұстаханасы. Шығыс Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Шығыс Қазақстан облыстық бұқаралық спорт түрлері бойынша жоғарғы спорт шеберлігі мектебі» комуналдық мемлекеттік мекемесінің жаттықтырушысы. Шәкәрім университетінде 44 жылдан астам уақыт еңбек еткен ұлағатты ұстаз. Спорт саласында үлкен жетістікке жеткен З.Шаймарданов, Е.Конкиев, А.Нұғымаров сынды мықты алпауыт азаматтарды тәрбиелеп, көк байрағымызды әлемдік аренадан желбіреткен бапкер. Ағымдағы жылы қарашаңырағымызда Серік Қоржыкенов атындағы арнайы кабинетінің ашылу салтанаты өтті. Кабинетті ұлы әрі шәкірті Ерлан Серікұлының бастамасымен «Түлектер» қауымдастығының атынан берілген алғашқы сый.

Нұртазин Мұксым Мұхамадиұлы - 1982 жылғы түлек. Дзюдо күресінен Қазақ КСРО спорт шебері. ҚР дзюдо федерациясының төрешілер алқасының төрағасы. Олимпиада төрешісі. Шығыс Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Шығыс Қазақстан облыстық бұқаралық спорт түрлері бойынша жоғарғы спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жаттықтыршысы.

Самбоның серкесі Зекен Сүлейменұлы Шаймардановты кезінде барша қазақ жанкүйері құрмет тұтатын. Ұлы Абайдың кіндік қаны тамған киелі топырақта дүниеге келген қазақтың қаршығадай ғана жігіті өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары Азияның алды болып, әлемдік деңгейдегі додаларда оза түсті. Институттың 1998 жылғы түлегі.

Дзюдо және самбо күресінен КСРО спорт шебері, қазақ күресінен Қазақ КСРО спорт шебері. Самбо күресінен әлем кубогының жеңімпазы, екі дүркін Азия чемпионы, Әлем біріншілігінің қола жүлдегері, дзюдо күресінен Қазақстан чемпионы, Орта Азия ойындарының жеңімпазы, Самбо және дзюдо күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Қазақ күресінен Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы. Халықаралық турнирлердің бірнеше дүркін





жеңімпазы. Бүгінгі таңда Шығыс Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Шығыс Қазақстан облыстық бұқаралық спорт түрлері бойынша жоғарғы спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры.

Жармұхаметов Қайрат Жұматайұлы - 1992 жылғы түлек. ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Қазақ, Самбо, Дзюдо күрестерінен спорт шебері. Шығыс Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Шығыс Қазақстан облыстық бұқаралық спорт түрлері бойынша жоғарғы спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жаттықтырушысы.

Шәріпов Аман Нүсіпханұлы – 1997 жылғы түлек. Қазақстан Республикасының спорт қайраткері, Дзюдо Тарлан орденінің иегергі. Шығыс Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Шығыс Қазақстан облыстық бұқаралық спорт түрлері бойынша жоғарғы спорт шеберлігі мектебінің» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жаттықтырушысы.

Калиев Қуат Барысұлы – 1995 жылғы түлек. Казақ күресінен спорт шебері. «Абай ауданы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры.

Қиақбаева Меруерт Хамитханқызы – 2003 жылғы түлек. Самбо және дзюдо күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Азия чемпионы, Әлем кубогының күміс жүлдегері. ҚР бірнеше дүркін жеңімпазы және жүлдегері. ҚР Дене шынықтыру және спортты дамытуға қосқан үлесі медалі иегері. Шығыс Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Семей қаласының балалар – жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директорының орынбасары.

Моисеева Валерия Владимировна - 2002 жылғы түлек. Көркем гимнастикадан КСРО спорт шебері. ҚР Ұлттық құрамасының мүшесі. ҚР бірнеше дүркін чемпионы. Көркем гимнастикадан халықаралық турнирлердің қатысушысы әрі жүлдегері. «Гинза» спорт клубының администраторы.

Шәкәрім шаңырағы – көптеген түлектер үшін альма-матер болып табылады. 90 жыл уақыт аралығында оқу орнының қабырғасынан мыңдаған білікті педагогтар, ауыл және мал шаруашылығы мамандары, білім беру ұйымдарының қызметкерлері, тарихшылар, журналистер мен тіл мамандары және мәдениет майталмандары түлеп ұшты. Сонымен қатар көптеген түлектер мемлекеттік қызметте, жоғары лауазымда, бизнес пен өнеркәсіпте табысты еңбек етуде. Әр жоғары оқу орны жұмысының айқын нәтижесі – түлектері. Олардың жеткен жетістіктері. Осы тұрғыдан алып қарағанда Шәкәрім университеті өз түлектерімен мақтана алады. Олар өз жетістіктерімен оқу орнын ғана емес, Қазақ елін әлемге танытып жүр.

***Бетті дайындаған***
***Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ***




***От Всей души поздравляем коллектив аграрного факультета с 70-летним юбилеем, который является для нас родным. Именно с него началась моя преподавательская деятельность в далёком 1981 году со ступени преподавателя на кафедре языков Семипалатинского зоотехническо-ветеринарного института, который с годами приумножался до заместителя декана зооинженерного факультета.***

# МОЙ ЛЮБИМЫЙ КОЛЛЕКТИВ!



Незаменимый и огромный опыт преподавания иностранных языков мною был получен у прекрасных филологов, мастеров немецкого английского и русского языков – Кусмановой Ш.Ж., Эльзессер И.Г., Безруковой А.А., Иневаткиной Г.П.

В деканате в тот период мне посчастливилось тесно работать с Токаевым З.К., Ульяновым А.А., Казыбаевым С.Б., Искаковым М.М., Игликовым О.Д., Сейлгазиной С.М., Омарбековым Е.О., Абановой М.Н., Батырбаевым Б., Тойкиным С.Х., Корабаевым З.К. и многими другими опытными педагогами и организаторами, высокое мастерство и профессионализм, любовь к своему делу, неутомимый и добросовестный труд которых не оставляет ни капли сомнения в их искренности и стремлении к достижению качественного уровня подготовки кадров сельскохозяйственного направления.

Любовь к финансам и бухгалтерскому учёту привили такие педагоги и экономисты, как Северин Ф.И., Кайкен Ж.Б., Татенов А.Б., Алибаева М.М., Кушуков Г.С.

Кроме того, хотелось бы отметить, что аграрный факультет и в настоящее время является флагманом и кузницей подготовки кадров для аграрно-промышленного комплекса Казахстана и постоянно занимает ведущие позиции во всевозможных рейтингах благодаря декану Есенгуловой Н.Ж., которая взяла все самое лучшее у своих педагогов. Наша первая встреча с ней состоялась на уроках латинского языка, который она усердно изучала в тот период будучи студенткой. Мы все знаем её как талантливого руководителя, порядочного человека с правильными ценностными ориентирами и просто красивую женщину. Она - достойный пример того, как ученик превосходит своих учителей!

От всего сердца профессорско-преподавательскому коллективу аграрного факультета и его руководству желаю духовного и творческого процветания, крепкого здоровья, неиссякаемой энергии, новых успехов и дальнейшей плодотворной работы и верю в сохранение традиций и ценностей воспитания молодых аграриев в духе патриотизма на благо университета и современного Казахстана.

***Гайнигуль ИСМАИЛОВА,***
***профессор кафедры иностранных языков***
***Клара ХАСЕНОВА,***
***выпускница экономического факультета***

***Әрбір университеттің даму тарихы бар. Соның бірі – 70 жылдық тарихы бар, Қазақстанның Солтүстік - Шығысына Семейдің зоотехникалық – малдәрігерлік институты мыңдаған саналы маман дайындаған. Семейде зоотехникалық – малдәрігерлік институтының ашылуы тегін емес.***

# КИЕЛІ ОРДАМЫЗҒА 70 ЖЫЛ

Ол Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Жетісу елді мекендерінің көпшілігі Семейге жақын, іргелес орналасқан. Оған қоса аграрлық және ветеринария саладағы білім беретін профессор-оқытушылардың да шоғырланған жері еді. Сол кездегі Семей облысындағы төрт мүліктің жеткіліктігі, Моңғолия малының өз аяғымен келуі де себеп болғандықтан болар жануарлардың өнімін өңдейтін КСРО-дағы танымал болған ет-консерві комбинаты, қой жүнін алғашқы өңдеу кәсіпорны, былғарымех зауытының да жұмыстары абыроймен атқарылып тұрды. Осындай аграрлық саласының мүмкіншілігі мол облыс орталығында аргарлық және ветеринария саласының мамандарын дайындау өте қажеттілікпен туындады. 1950 жылдары ауылшарушылығын дамытуды алға қойып ел экономикасын көтеру мәселесі мемлекеттік саясаттың бір бөлігі еді. Сол жылдары ауылшаруашылығында жұмыс атқаратын саналы да сауатты, халықтың қамын ойлайтын көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар қажеттіліктен туындады.

Түлектердің арасынан Социалистік Еңбек ерлері, Қазақстанның Еңбек Ері, министрлер, қоғам қайраткерлері, облыс, аудан басшылары, Қазақ ССР Жоғарғы кеңесі, ҚР Парламентінің Мәжіліс, Сенат, облыс, қала, аудан, депутаттары, ғалымдар мен академиктер шығып ел экономикасына өзіндік үлестерін қосты.

Бүгінгі таңда Шәкәрім университетінің Ветеринария және агроменеджмент факультетінде 1000-нан аса студент, 50-ден аса оқытушылар, олардың арасында ғылым докторы, профессор, ғылым кандидаттары, доцент, Phd жұмыс атқарады. Факультет барлық мамандықтар бойынша кадрлармен толықтай қамтамасыз етілген. Факультет заман талабына сай аудиториялармен, зертханалармен, арнайы мамандырылған кабинеттерімен жабдықталған.

Қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – байырғы оқу орнын сақтап қалып, білім қазынасына айналғаны. Ендеше осы қазынамыз ортаймасын. Еліміздегі іргелі оқу орындарының бірі санатындағы Шәкәрім университеті құрамындағы Ветеринария және агроменеджмент факультетінің жоғары білім беру жүйесіндегі дамуын толастатпай «Білімдіден шыққан сөз, талаптыдан болсын кез» деп Абай атамыз айтқандай профессор-оқытушылар құрамының еңбегі жемісі арта берсін. Аграрлық саладағы білімді де білікті маман даярлау – ұстаздардың алдында тұрған үлкен мәселе. Осындай зор мақсаты бар факультет алдында әлі де жетер жетістігі, алар асуы, бағындырар белесі алдында. Факультет ұжымын 70 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, Отанын сүйетін, ұлттық қасиеттерімізді бойларына сіңіре білетін білікті мамандар даярлайтындығына кәміл сенімдімін.

***Серғазы ДҮЙСЕМБАЕВ,***
***ветеринария ғылымдарының докторы, профессор***

# БОЛЬШОЙ ВКЛАД УЧЕНОГО В ОТЕЧЕСТВЕННУЮ ВЕТЕРИНАРИЮ



***Всеволод Николаевич Квятковский родился 29 мая 1927 года в Алма-Ате. Окончил подготовительное отделение Алма-Атинского сельскохозяйственного института.***

В августе 1944 года Всеволод Квятковский добровольно ушел в ряды советской армии и был зачислен курсантом в Серпуховскую военную школу авиамехаников, которая базировалась в г. Кызыл-Орда. С февраля 1946 года по март 1948 года служил авиамехаником в 136 ШАНОСП в Польше, а с апреля 1948 по май 1949 года — авиамехаником во 2-м Гвардейском истребительном авиационном полку г. Баку. Демобилизован в июне 1949 года.

В 1949 году В. Квятковский поступил в Алма-Атинский зооветинститут, который с отличием окончил в 1954-м. В 1954 году прошел по конкурсу и был принят ассистентом в Семипалатинский зооветеринарный институт. В 1963 году защитил диссертацию на степень кандидата ветеринарных наук.

Профессор Всеволод Николаевич Квятковский — потомственный ветеринарный специалист. Его дед И.А. Квятковский — ветеринарный врач, отец Н.И. Квятковский – ученый-зоотехник, дядя Г.М. Балашев — ветеринарный врач. Всю жизнь они работали в Казахстане и внесли огромный вклад в организацию лечебно-профилактических и санитарно-ветеринарных мероприятий.

В.Н. Квятковский — один из основателей Семипалатинского зоотехническо-ветеринарного института и ветеринарного факультета. Всеволод Николаевич начал свою трудовую деятельность в институте с 1954 года, прошел путь от ассистента до заведующего кафедрой внутренних незаразных болезней; в течение шести лет работал проректором по научной работе, внес большой вклад в организацию и развитие научно-исследовательской работы сотрудников института.

За время работы в институте В.Н. Квятковский провел большой объем научных исследований и создал школу по такой важной проблеме, как профилактика и лечение легочных болезней животных. Предложенный групповой метод лечения широко применяется в хозяйствах Республики Казахстан и в странах ближнего зарубежья. Многолетние научные исследования и производственные испытания обобщены в докторской диссертации, которая успешно защищена в Московской ветеринарной академии в 1990 году. В 1992 году В. Квятковскому присвоено звание профессора. Им опубликовано более 65 научных работ. Три его ученика успешно защитили кандидатские и докторскую диссертации.

Как педагог и методист Всеволод Николаевич внес большой вклад в усовершенствование учебного процесса по «Респираторным заболеваниям молодняка», выпустил много методических разработок, учебных пособий и учебников.

Его отличают ответственность, аккуратность, грамотность, честность и порядочность, благодаря которым ученый снискал заслуженное уважение в образовательном и научном пространстве в области ветеринарии.

У Всеволода Николаевича образцовая семья. Супруга Людмила Владимировна — заслуженный акушер-гинеколог, долгое время, до выхода на заслуженный отдых, была на ответственных постах. Вместе они воспитали двух замечательных детей, дали им достойное образование. Внуки и внучки тоже получили хорошее образование, а правнуки создают особую атмосферу тепла и любви в доме.

В.Н. Квятковский отмечен двенадцатью правительственными наградами как ветеран войны, почетным знаком «За успехи в работе». Его общий трудовой стаж — 58 лет, а стаж в отрасли ветеринарии — 48 лет.

***Гульсара ТОЙКИНА***
***«Вести Семей»***
***14.12.2013 год***

**Құрылтайшысы:**
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ



Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген тіркеу куәлігі № 17310-Г 13 қазан 2018 жыл.

**Бас редактор: Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ**
**Дизайнер: Серікбол МЫРЗАБЕКОВ**
**Фотограф: Максат ЖАРҚЫНҰЛЫ**

**semgu_2020@bk.ru**
**http://shakarim.edu.kz/**
**@shakarim_university_**

Білім алушы жастарға арналған ақпараттық-танымдық басылым айына бір рет шығады.

Газет «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ медиа орталықта басылып шығарылды.
Таралымы 500 дана

**Редакцияның мекен-жайы:**
Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 а